

## XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ МЕРЗІМДІ БАСЫЛЫМЫНДА ЖАСТАР МӘСЕЛЕСІ

Ләзиза НҮРПЕЙІС \*

**Түйіндеме:** Бұл мақалада XX ғасырдың басындағы қазақ мерзімді баспасөзінде көтерілген жастар мәселесі қарастырылады. "Айқап", "Қазақ", "Жас азамат", "Балапан", "Садақ" сияқты басылымдар жастардың білімге, ағартушылыққа, саяси белсенділікке деген ұмтылысын дамытуға бағытталды. Сонымен қатар, кеңестік кезеңдегі "Жас алаш", "Лениншіл жас", "Пионер" газеттерінің жастарға тигізген ықпалы қарастырылады. Мақалада қазақ жастарының мерзімді баспасөз арқылы саяси және қоғамдық өмірге араласуы, білім алуы және ұлттық сана-сезімінің қалыптасуы талданады.

**Кілт сөздер:** Қазақ баспасөзі, Жастар мәселесі, "Айқап" журналы, "Қазақ" газеті.

### The Issue of Youth in Kazakh Periodicals at the Beginning of the 20th Century

**Abstract:** This article examines the issue of youth in the Kazakh periodical press at the beginning of the 20th century. Publications such as "Aiqaq," "Qazaq," "Jas Azamat," "Balapan," and "Sadaq" aimed to foster youth interest in education, enlightenment, and political activity. Additionally, the influence of Soviet-era newspapers like "Jas Alash," "Leninschil Jas," and "Pioner" on the younger generation is analyzed. The article explores how Kazakh youth engaged in political and social life, pursued education, and developed a national consciousness through periodical publications.

**Key Words:** Kazakh press, Youth issue, Ayqaq journal, Qazaq newspaper.

### Кіріспе

XX ғасырдың басы қазақ халқы үшін айрықша әлеуметтік-саяси және мәдени өзгерістердің орын алған кезеңі болды. Бұл уақытта қазақ қоғамы жаңа тарихи, мәдени, және саяси даму кезеңіне қадам басып, ұлттық сананың жаңаруы мен халықтың білім деңгейін көтеру жолында маңызды қадамдар жасалды. Әсіресе, жастардың білім алуы, ағартушылыққа ұмтылуы және саяси сананың қалыптасуы мәселелері сол кезеңдегі баспасөз беттерінде кеңінен талқыланды. Қазақ зиялыларының ұлттың болашағы ретінде жастарға үміт артқанын айқындайтын көптеген мерзімді басылымдар шықты. Осы басылымдардың ішінде "Айқап" журналы, "Қазақ" газеті сияқты маңыздылары жастардың рухани және интеллектуалдық дамуына үлкен мән беріп, олардың қоғамдағы орны мен рөлін көрсетуге тырысты. Бұл мақалада XX ғасырдың басындағы қазақ мерзімді басылымдарында көтерілген жастар мәселесі, олардың қоғамда алатын орны және ұлттық рухани жаңғырудағы маңызы қарастырылады.

### 1. Қазақ жастарына арналған алғашқы басылымдар: Ұлттық сана мен жастар баспасөзінің қалыптасуы

XX ғасырдың басында Қазақстанда ұлттық сана-сезімнің қалыптасуы және жастардың қоғамдық өмірге белсене араласуы үшін баспасөздің маңызы зор болды. Қазан төңкерісінен кейін, 1920 жылдары, қазақ жастарына арналған басылымдар жарық көріп, олардың әлеуметтік, мәдени және саяси өмірге қатысуын арттыруда маңызды рөл атқарды. Бұл басылымдар тек жастарды ақпараттандырып қана қоймай, сонымен қатар ұлттық сананы қалыптастыру мен жаңа қоғам құру мақсатында жастардың белсенділігін арттыруға бағытталған еді. "Айқап" (1911-1915) журналы жастарды білімге, ғылымға тарту мәселесін көтерді (Қожакеев, 1991). Онда қазақ балаларының мектептерде білім алуы, қыздардың оқуға қатысуы сияқты тақырыптар жиі көтерілді. "Қазақ" (1913-1918) газеті де жастарды ұлттық сананың оянуына, қоғамдық белсенділікке шақырып, олардың пікірін қалыптастыруға ықпал етті (Нұрпейіс, 1995). Бұл басылымдарда Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Әлихан Бөкейхан сынды қайраткерлердің жастарға арнаған мақалалары жарық көрді.

Қазақ жастары үшін арнайы басылымдар болмаса да, "Серке" (1907), "Қазақстан" (1911), "Айқап" (1911-1915), "Қазақ" (1913-1918), "Ешім даласы" (1913)

---

\* әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, [aruana84@gmail.com](mailto:aruana84@gmail.com)

сияқты басылымдар жастардың білім алуы, саяси сауат ашуы, қоғамдық мәселелерге белсенді араласуы туралы кеңінен жазды (Смағұлова, 2013).

XX ғасыр басындағы қазақ зиялылары жастардың сауат ашуына ерекше көңіл бөлді. Мәселен, "Айқап" журналының бірнеше мақалаларында ауыл мектептерінің жағдайы, мұғалімдердің тапшылығы, қазақ балаларының білім алуы туралы мәселелер көтерілді. Басылымда Мұхаметжан Сералин, Спандияр Көбеев, Нәзипа Құлжанова сынды ағартушылардың мақалалары жарық көріп, жастарға білім алудың маңызын түсіндірді (Қожакеев, 1991).

Ұлттық сана жастар баспасөзінің қалыптасуымен тікелей байланысты болды. "Балапан" және "Садақ" қолжазба журналдары жастарды ұлттық құндылықтарды сақтауға, ана тілді дәріптеуге және саяси сауаттылыққа бағыттады (Бекхожин, 1981: 187 б.). Алаш қозғалысының идеясын қолдаған жас қаламгерлер бұл басылымдар арқылы ұлттық бірегейлікті насихаттады.

"Жас азамат" газеті жастардың қоғамдық белсенділігін арттыруға және ұлттық сананы нығайтуға ықпал етті (Қойгелдиев, 1995: 321 б.). Басылымда қазақ халқының тәуелсіздігі, ұлттық білім беру жүйесін құру, қазақ қыздарының білім алуы, ұлттық мәдениетті сақтау мәселелері кеңінен қарастырылды (Нұрпейіс, 1995: 104 б.). Мағжан Жұмабаевтың "Мен жастарға сенемін" өлеңі осы басылымда жарық көріп, жастарды ұлттық рухты көтеруге шақырған маңызды еңбек болды.

Сонымен қатар, "Бірлік" ұйымы өз жұмысының маңызды бөлігі ретінде жастарды қазақ баспасөзін дамытуға тартты. Ұйымның баспасөз органы "Балапан" (1916-1918) журналы жастардың әдеби және мәдени дамуына ықпал етті. Оған қатысқан жас қаламгерлер кейін қазақ әдебиетінің дамуына зор үлес қосты (Қожакеев, 1991).

## **2. Кеңестік кезеңдегі жастар баспасөзі**

1920-30 жылдары Кеңес үкіметі жастарды коммунистік идеологияға баулу мақсатында арнайы жастар басылымдарын шығаруды қолға алды. Бұл кезеңде қазақ жастарының саяси, мәдени және экономикалық өмірге араласуын арттыру үшін Кеңес билігі газеттер мен журналдарды негізгі идеологиялық құрал ретінде пайдаланды (Нұрпейіс, 1995: 158 б.). Жастарды кеңестік саясатқа бейімдеу мақсатында түрлі науқандар ұйымдастырылып, олардың қоғамдық өмірдегі рөлін айқындауға бағытталған арнайы мақалалар жарияланды.

Кеңес үкіметінің жастар саясаты негізінен комсомол ұйымдары арқылы жүзеге асырылды. Қазақстанда жастар басылымдары осы ұйымдардың қызметін насихаттауға және кеңестік идеологияны таратуға арналды. Жастар газеттері мен журналдары сол кезеңдегі негізгі мемлекеттік міндеттерді орындауға бағытталды. Олар:

- Кеңестік билікке адал, саяси сауатты жастарды тәрбиелеу;
- Қазақстандағы индустрияландыру мен ұжымдастыру саясаттарын қолдау;
- Қазақ жастарын оқу-ағарту ісіне тарту және сауатсыздықты жою;
- Кеңестік мәдениетті қалыптастыру және ұлттық ерекшеліктерді

коммунистік идеологияға бейімдеу.

Осы мақсаттарды жүзеге асыруда бірнеше маңызды басылымдар жарық көрді.

"Жас алаш" газеті 1921 жылы Ташкент қаласында жарық көре бастады. Бұл басылым Түркістандағы қазақ және қырғыз жастарына арналған тұңғыш жастар газеті болды. Оның негізгі мақсаты – жастарды жаңа кеңестік қоғам құруға шақыру, коммунистік идеологияны дәріптеу, оқу-білімге деген қызығушылықты арттыру және еңбекке баулу еді. Газетте қазақ және орыс тілдерінде мақалалар жарияланып, комсомол қызметінің жетістіктері баяндалды (Бекхожин, 1981: 159 б.).

"Жас алаш" газеті жастарды өндіріс орындарына жұмысқа тарту, еңбек тәртібін сақтау және жаңа экономикалық саясатты қолдау мәселелерін жиі көтерді. Сонымен

қатар, газет қазақ жастарының арасында мәдени-ағартушылық жұмыстарды насихаттауға тырысты. Алайда, 1925 жылы газет біраз уақытқа тоқтатылып, кейін қайта жалғасты.

1922 жылы Орынборда шыққан "Өртең" газеті де қазақ жастарын Кеңес үкіметінің идеяларын қолдауға шақырған маңызды басылымдардың бірі болды. Газет жастардың мәдени-ағарту ісіне араласуын, социалистік құрылысқа атсалысуын насихаттады. Мұнда ауыл жастарының тұрмыс-тіршілігі, ауылдағы білім беру мәселелері, қазақ қыздарының теңдігі сияқты тақырыптар жиі қозғалды.

"Өртең" газетінде жастарға арналған саяси және экономикалық мақалалармен қатар, көркем әдеби шығармалар да жарияланып тұрды. Газеттің авторлары қатарында Смағұл Сәдуақасов, Ғабит Мүсірепов және Сәкен Сейфуллин секілді қазақ зиялылары болды. 1923 жылы газет саяси себептерге байланысты жабылды.

1927 жылы "Жас қазақ" газетінің орнына шыққан "Лениншіл жас" газеті жастар баспасөзінің ең ықпалды басылымдарының біріне айналды. Ол комсомол ұйымдарының ресми басылымы ретінде кеңестік тәрбие жүйесін жүргізіп, социалистік қоғамды насихаттаумен айналысты. Газет кеңестік идеологияны нығайту мақсатында жұмысшы-шаруа жастарының өмірін, олардың жетістіктері мен жаңа қоғам құрудағы рөлін көрсетті.

"Лениншіл жас" газеті Қазақстандағы индустрияландыру, колхоздастыру және сауатсыздықты жою науқандарын қолдайтын мақалалар жариялады. Газет бетінде ауыл жастарының еңбекке араласуы, өндіріс ошақтарындағы жастар қозғалысы, қыз-келіншектердің теңдік алуы сияқты тақырыптар кеңінен қамтылды.

Кеңестік билік жастар баспасөзін тиімді идеологиялық құрал ретінде пайдаланды. Газеттер мен журналдарда жарияланған мақалаларда коммунистік партияның шешімдері мен жоспарлары кеңінен насихатталды. Жастар арасында кеңестік патриотизмді қалыптастыруға ерекше мән берілді (Смағұлова, 2013).

Жастар баспасөзі Қазақстандағы индустрияландыру мен ұжымдастыру науқандарына белсенді түрде қолдау көрсетті. Газеттерде комсомол мүшелерінің еңбектегі жетістіктері туралы мақалалар жарық көріп, социалистік жарыстардың маңызы насихатталды. Сонымен қатар, ауыл жастарын колхоздарға тарту, оларға техникалық білім беру мәселелері жиі көтерілді.

Кеңестік кезеңдегі жастар баспасөзінің тағы бір маңызды бағыты – мәдени-ағарту жұмыстарын насихаттау болды. Басылымдар қазақ жастарын театр, әдебиет, музыка және басқа да мәдени салаларға араласуға шақырды. 1925 жылы қазақ жастарына арналған "Пионер" журналы шыға бастады. Бұл журнал мектеп оқушылары мен жас пионерлерге арналып, олардың коммунистік тәрбие алуына бағытталған болатын. Сонымен қатар, журналда қазақтың ұлттық мәдениеті, балалар әдебиеті мен халық ертегілері жарияланып отырды. 1926 жылы "Жастар дауысы" газеті жарық көрді. Бұл басылым жастардың қоғамдық қызметке белсенді араласуын насихаттаумен қатар, қазақ әйелдерінің білім алуы, мәдени өмірге араласуы, әйел теңдігі мәселелерін көтерді.

Кеңестік кезеңдегі жастар баспасөзіне қазақ зиялылары үлкен үлес қосты. Смағұл Сәдуақасов, Сәкен Сейфуллин, Ғабит Мүсірепов, Бейімбет Майлин сияқты қаламгерлер жастар басылымдарына мақалалар жазып, олардың ағартушылық және идеологиялық бағыттарын анықтауға көмектесті. Смағұл Сәдуақасов "Жас қазақ", "Өртең" басылымдарында қазақ жастарының саяси, экономикалық және мәдени өмірге араласуы туралы мақалалар жазды. Ол жастарды білім алуға, саяси сауаттылыққа және еңбекке араласуға шақырды. Сәкен Сейфуллин мен Бейімбет Майлин жастарға арналған шығармаларын "Лениншіл жас" пен "Пионер" журналында жариялап, кеңестік идеологияны насихаттады.

### **3. Жастар баспасөзіндегі Қазақстанның экономикалық және мәдени өмірі**

XX ғасырдың 20-30 жылдары Қазақстанның экономикалық және мәдени дамуы кеңестік саясаттың ықпалымен қалыптасты. Кеңестік билік жастарды социалистік құрылыстың маңызды бөлігі ретінде қарастырып, олардың белсенділігін арттыру үшін арнайы басылымдар арқылы насихат жұмыстарын жүргізді. Жастар баспасөзі ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, еңбек тәртібі, мәдени-ағарту жұмыстары, сауатсыздықты жою сияқты мәселелерге ерекше мән берді.

Жастар газеттері мен журналдары Қазақстандағы экономикалық өзгерістердің маңызын түсіндірумен қатар, жастардың жаңа социалистік қоғам құрудағы рөлін насихаттады. Мұндай басылымдарда жастардың еңбекке араласуы, өндіріс пен ауыл шаруашылығындағы белсенділігі, мәдени-ағарту және білім беру мәселелері талқыланып отырды (Смағұлова, 2013). Қазақстандағы индустрияландыру саясаты 1920 жылдардың соңында басталды және ол жастарды еңбекке тарту арқылы жүзеге асырылды. Осы кезеңдегі жастар баспасөзі жұмысшы-шаруа жастарын өндірістік жұмыстарға белсене қатысуға шақырды. "Лениншіл жас", "Жас алаш" газеттерінде Қазақстандағы ірі өндірістік жобаларға жас жұмысшылардың қатысуы, олардың еңбектегі жетістіктері туралы мақалалар жарияланды.

1928-1932 жылдары Қазақстанда Түркісіб теміржол құрылысы қарқынды жүргізілді. Бұл құрылысқа мыңдаған жастар тартылып, олардың еңбегі жастар басылымдарында кеңінен насихатталды. "Жас алаш" газеті осы кезеңде "Жастар – Түркісіб құрылысында" атты айдар ашып, теміржол құрылысындағы жас комсомол мүшелерінің үлесі туралы мақалалар жариялады (Бекхожин, 1981: 193 б.). Сол жылдары ауыл шаруашылығын ұжымдастыру саясаты жүргізілді. Бұл науқанға жастардың белсене қатысуы талап етілді. "Лениншіл жас" газетінде ауыл жастарының колхоздар құрудағы рөлі, олардың еңбекке деген ынтасы туралы мақалалар көптеп басылды. Басылымдарда комсомол жастарының ауыл шаруашылығындағы белсенділігі, мал шаруашылығын дамытуға қосқан үлесі насихатталды.

Белгілі қоғам қайраткері және публицист Смағұл Сәдуақасов жастардың экономикалық өмірге араласуына ерекше назар аударды. Ол 1922-1927 жылдары "Өртең", "Жас азамат", "Еңбекші жастар" басылымдарына белсенді түрде мақалалар жазды. Оның 1927 жылы "Өртең" газетінде жарияланған "Қазаққа не керек?" атты мақаласында Қазақстан экономикасын көтеру үшін жастардың еңбекке араласуы маңызды екендігі айтылды (Сәдуақасов, 1927). Бұл мақалада Сәдуақасов қазақ жастарына келесі міндеттерді жүктеді:

- Қазақ ауылдарындағы еңбек өнімділігін арттыру үшін жастарды колхоздар мен совхоздарға тарту;
  - Өнеркәсіп пен сауда салаларында қазақ жұмысшыларының үлесін көбейту;
  - Қазақ жастарының техникалық білім алуын жеделдету арқылы елдің экономикалық дамуына үлес қосу.
- Сәдуақасовтың идеялары сол кезеңдегі жастар баспасөзінде кеңінен талқыланып, жастар арасында жұмысшы және ауыл еңбеккері болуға деген ынтаны арттыру үшін түрлі мақалалар мен очерктер жарияланды.

Кеңес үкіметі Қазақстанда сауатсыздықты жою мәселесін күн тәртібіне қойды. 1917 жылға дейін қазақ халқының басым бөлігі сауатсыз болғандықтан, бұл мәселе мемлекеттік деңгейде қарастырылды (Қойгелдиев, 1999: 33 б.). Жастар басылымдары қазақ жастарын жаппай білім алуға шақырып, сауатсыздықты жою үшін арнайы науқандарды ұйымдастырды.

1924 жылы Қазақстанда "Қызыл отаулар" қозғалысы басталды. Бұл қозғалыс ауылдық жерлерде сауатсыздықты жою мақсатында ұйымдастырылды. "Лениншіл

жас", "Жас қайрат" басылымдарында бұл науқанның барысы туралы мақалалар жарық көрді. Сонымен қатар, ауыл жастарына арналған оқу бағдарламалары, жаңа мектептердің ашылуы туралы мақалалар жарияланды.

1925 жылы "Пионер" журналы жарық көрді. Бұл басылым жасөспірімдерге арналып, олардың білім алуы, мәдени-ағарту өміріне араласуы туралы ақпараттар берді. Журналда қазақ балаларының мектептерге қабылдануы, оларға арналған оқулықтар мен оқу бағдарламалары талқыланды. Білім беру мәселелері жастар газеттерінде де кеңінен қарастырылды. "Жас алаш" газеті ауылдағы мектептердің жағдайы, мұғалімдердің жетіспеушілігі, қазақ балаларының оқуға ынтасы туралы мақалалар жариялады (Бекхожин, 1981: 171 б.).

1927 жылы бұл басылымда "Қазақ жастары үшін техникалық білім алу қажет пе?" деген мақала жарық көріп, онда жастардың өндірістік білім алу қажеттілігі туралы пікірлер ұсынылды. Жастар баспасөзінде мәдени-ағарту жұмыстары ерекше орын алды.

1920-30 жылдары қазақ халқының ұлттық мәдениетін кеңестік идеологияға сай қайта құру саясаты жүріп жатты. Жастар газеттері мен журналдары осы процестің белсенді қатысушылары болды. "Лениншіл жас" және "Жас қайрат" газеттері қазақ жастарын театр өнеріне, әдебиетке, музыкаға баулу мәселелерін жиі көтерді. Газет беттерінде жастардың қатысуымен ұйымдастырылған көркемөнерпаздар үйірмелері туралы мақалалар жарық көрді. Сол кезеңдегі қазақ зиялыларының бірі Мұхтар Әуезов жастардың мәдени-ағарту жұмыстарын дамытуға ерекше үлес қосты. Ол "Лениншіл жас" пен "Пионер" журналында қазақ жастарына арналған мақалалар жариялап, олардың ұлттық мәдениетке деген қызығушылығын арттыруға тырысты.

Жастар баспасөзі қазақ қыздарының қоғамдық өмірге араласуы мәселесін де жиі көтерді. 1926 жылы "Жастар дауысы" газеті әйел теңдігі тақырыбында арнайы айдар ашып, қазақ қыздарының білім алуы, олардың қоғамдық қызметке араласуы туралы мақалалар жариялай бастады. 1928 жылы "Лениншіл жас" газетінде "Қазақ әйелдері және жаңа заман" атты мақала жарияланып, онда ауыл қыздарының білім алуға құқығы бар екендігі, оларды мектептер мен техникалық училищелерге тарту қажеттігі туралы айтылды.

#### **4. Қорытынды**

XX ғасырдың басындағы қазақ мерзімді баспасөзі жастар мәселесіне ерекше көңіл бөліп, олардың қоғамдық, мәдени және саяси белсенділігін арттыруға бағытталды. "Айқап", "Қазақ", "Жас азамат", "Балапан" және "Садақ" сияқты басылымдар жастарды білім алуға, ұлттық санаға және ағартушылыққа ұмтылдыруға әрекет етті. Қазақ зиялылары жастарды ұлттық құндылықтарды сақтап, тәуелсіздік жолында білім мен саяси сауаттылыққа негізделген қоғам құруға шақырды. Кеңес үкіметі кезеңінде жастар баспасөзі жаңа идеология мен саяси бағыттарды қолдауда негізгі құралға айналды, оларды еңбекке тарту, саяси тәрбие беру және кеңестік мәдениетті қалыптастыру мақсатында жарық көрді. Осылайша, XX ғасырдың басындағы және кеңестік кезеңдегі қазақ мерзімді баспасөзі жастардың ұлттық санасының дамуына, саяси және әлеуметтік өмірге белсенді араласуына зор әсер етті, олардың қоғамдағы рөлі мен орнын айқындауға ықпал жасады.

#### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР**

- Бекхожин, Б. (1981). Қазақ баспасөзі тарихының очеркі (1860-1958). Алматы. 239 б.  
 Қожакеев, Т. (1964). Тарих дәлдікті сүйеді. Қазақ әдебиеті. 5 маусым.  
 Нұрпейіс, М. (1995). Ахмет Байтұрсынұлы мен жастардың рухани қалыптасуы. Алматы: Жазушы.  
 Нұрпейіс К. (1995). Алаш һәм Алашорда. Алматы: Ататек. 256-б.  
 Сәдуақасов, С. (1927). Қазаққа не керек? Орынбор: Өртең.  
 Смағұлова, Г. (2013). Қазақ жастар баспасөзі және оның рөлі. Алматы: Рауан.

Қойгелдиев, М. (1995). Алаш қозғалысы. Алматы: Санат. 368 б.

Қойгелдиев, М. (1999). 1916 жылғы көтеріліс және ұлт зиялылары. Қазақ тарихы. №2. 33-б.